

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ҒҰМАРБЕК ДАУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
IT-инжиниринг кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

_____ А.А. Досжанова
(ученая степень, звание, Ф.И.О.)

_____ «___» _____ 2020 ж.
(подпись)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: ЖШС жалпы тамақтандыру бөлімі үшін мобильді қосымша құру

Мамандығы 5В060200 - Информатика

Орындаған Қабидоллиева Г.Ж. Тобы ИНФ(ИТ)к-16-1

Ғылыми жетекші доцент, Табултаев С.С.

Кеңесшілер:

Экономикалық бөлім: э.ғ.к., профессор _____ К.Р. Габелашвили
«___» _____ 2020 ж.

Өміртіршілігі қауіпсіздігі: аға оқытушы _____ Ж.К. Мусаева
«___» _____ 2020 ж.

Есептеу техникасын қолдану: аға оқытушы _____ Ж.С. Айтқулов
«___» _____ 2020 ж.

Норма бақылаушы: аға оқытушы _____ Б.Р. Абсатарова
«___» _____ 2020 ж.

Сын-пікір беруші: _____
«___» _____ 2020 ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ҒҰМАРБЕК ДАУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқару жүйелері мен ақпараттық технологиялар институты

IT-инжиниринг кафедрасы

Мамандығы 5B060200 - Информатика

Дипломдық жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Білім алушы Қабидоллиева Гүлдана Жүсіпқызы

Жобаның тақырыбы: ЖШС жалпы тамақтандыру бөлімі үшін мобильді қосымша құру

2020 жылғы «__» _____ №_____ университет бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі: «_____» _____ 2020 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері (зерттеу (жоба) нәтежиелерінің талап етілген параметрлері мен объектінің бастапқы мәліметтері): Java бағдарламалау тілін қолданып, Android операциялық жүйесінің басқаруымен смартфондарға арналған қосымшаны әзірлеу.

Дипломдық жобада қарастырылған мәселелер тізімі немесе дипломдық жобаның қысқаша мазмұны:

- а) ақпаратты талдау және міндеттемелерді қарастыру;
- б) жобалау бөлімі;
- в) программалық қамтаманы жүзеге асыру және тестілеу бөлімі;
- г) экономикалық негіздеме;
- д) өміртіршілік қауіпсіздігі;
- е) пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- ж) А қосымшасы. Программа листингі;
- к) ендіру актісі.

Графикалық материалдар тізімі(міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):
25 кесте, 21 сурет ұсынылған.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1 Вейл, Эстель HTML5. Разработка приложений для мобильных устройств / Эстель Вейл. - М.: Питер, 2014. - 818 с.

2 Дэрсси, Л. Разработка приложений для Android-устройств. Т. 1: Базовые принципы / Л. Дэрсси, Ш. Кондер. - М.: Лори, 2014. - 402 с.

3 Эспозито, Д. Разработка современных веб-приложений: анализ предметных областей и технологий / Д. Эспозито. - М.: Вильямс И.Д., 2017. - 464 с.

4 Прасти, Н. Блокчейн. Разработка приложений. / Н. Прасти. - СПб.: BHV, 2019. - 256 с.

Дипломдық жобаның бөлімдеріне қатысты белгіленген кеңестер

Бөлімдер	Кеңесшілер	Мерзімі	Қолы
Экономикалық негіздеме	Габелашвили К.Р.	31.03.2020 ж. - 25.04.2020 ж.	
Өміртіршілік қауіпсіздігі	Мусаева Ж.К.	31.03.2020 ж. - 25.04.2020 ж.	
Программалық қамтама	Айтқулов Ж.С.	14.05.2020 ж. - 15.05.2020 ж.	
Норма бақылау	Абсатарова Б.Р.	13.05.2020 ж. - 18.05.2020 ж.	

Дипломдық жобаны дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшілерге ұсыну мерзімі	Ескерту
Ақпаратты талдау және міндеттемелерді қарастыру;	17.02.2020 - 16.03.2020	
Жобалау бөлімі;	17.03.2020 - 05.04.2020	
Программалық қамтаманы жүзеге асыру және тестілеу бөлімі;	06.04.2020 - 09.05.2020	

АҢДАТПА

Дипломдық жобада ЖШС «Атырау Сауда» мекемесінің жалпы тамақтандыру бөліміне арналған Android операциялық жүйесінің басқаруымен смартфондарға арналған қосымшаны әзірлейміз. Атқарылған жұмыс нәтижесінде жалпы тамақтандыру бөлімі үшін автоматтандыру негізінде мобильді қосымша әзірленді. Бұл дипломдық жоба ЖШС қызметкерлерінің жұмысын жеделдету мен автоматтандыруға, тиімді есеп жүргізуге мүмкіндік береді.

Дайындалған мобильді қосымша арқылы жалпы тамақтандыру бөлімінің асхана қызметкерлері қажетті өнімдерге тапсырыс береді және де күнделікті ас мәзірін жариялап отыруға мүмкіндіктері бар. Сәйкесінше, менеджер бұл өтінімді растап, тиісті өнімді алуға рұқсат бере алады.

Жүйені іске асыру барысында келесідей құралдар пайдаланылды: Android studio қолданбасы, Java программалау тілі, Microsoft SQL, MEMu эмуляторы.

Экономикалық негіздеу бөлімінде жобаның экономикалық тиімділігі есептелді. Сонымен қатар, өміртіршілік қауіпсіздігі мәселелері қарастырылып оған сәйкес есептеулер жүргізілді.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте разрабатывается приложение для смартфонов под управлением операционной системы Android для отдела общего питания ТОО "Атырау Сауда". В результате проведенной работы для отдела общего питания разработано мобильное приложение на основе автоматизации. Данный дипломный проект позволяет автоматизировать и ускорить работу сотрудников ТОО, вести эффективный учет.

С помощью разработанного мобильного приложения сотрудники столового отдела общего питания заказывают нужную продукцию, а также могут публиковать ежедневное меню. Соответственно, менеджер может подтвердить эту заявку и разрешить получение соответствующего продукта.

При реализации системы использованы следующие средства: приложение Android studio, язык программирования Java, эмулятор Microsoft SQL, MEmu.

В разделе экономического обоснования рассчитана экономическая эффективность проекта. Также были рассмотрены вопросы безопасности жизнедеятельности.

ANNOTATION

In the diploma project, we are developing an application for smartphones running the Android operating system for the General nutrition Department of Atyrau Suda LLP. As a result of this work, a mobile application based on automation was developed for the General nutrition Department.

This diploma project allows you to speed up and automate the work of employees of LLP, keep effective records, through the developed mobile application, employees of the canteen of the General food Department order the necessary products through the mobile app, as well as publish a menu diary. Accordingly, the Manager can confirm this request and allow you to receive the corresponding product.

When implementing the system, the following tools are used: the Android studio application, the Java programming language, Microsoft SQL, and the MEmu emulator.

In the section of economic justification, the economic efficiency of the project is calculated. Issues of life safety were also considered.

Мазмұны

Кіріспе.....	8
1 Ақпаратты талдау және міндеттемелерді қарастыру	10
1.1 Жалпы тамақтандыру бөлімінің жұмысына сипаттама	10
1.2 Мобильді қосымша	11
1.3 Оңтайлы бағдарлама ортасын таңдау	13
1.3.1 Android ОЖ туралы түсініктеме	13
1.3.2 Android Studio қолданбасы	15
1.3.3 Android қосымшасы компоненттері	16
1.3.4 Android ОЖ және Android қосымшалардың жұмыс істеу принципі	17
2 Жобалау бөлімі.....	20
2.1 Мобильді қосымшаның құрылымдық схемасы	20
2.2 Мобильді қосымшаның класстар диаграммасы	21
2.3 Мобильді қосымшаның қолдану нұсқаларының диаграммасы	22
2.4 Мобильді қосымшаның компоненттер диаграммасы	25
2.5 Мобильді қосымшаның күй диаграммасы	25
2.6 Мобильді қосымшаның тізбектілік диаграммасы	28
3 Программалық қамтаманы жүзеге асыру және тестілеу бөлімі	29
3.1 Бағадарламалау тілі	29
3.2 Пайдаланушының графикалық интерфейсі	30
4 Экономикалық негіздеме	39
4.1 Мобильді қосымша әзірлеудің еңбек сыйымдылығы	39
4.2 МҚ әзірлеу барысында жұмсалатын шығындарды есептеу	40
4.3 Мобильдік қосымшаның ықтималдық бағасын анықтау	45
4.4 МҚ тиімділігі мен өтелу мерзімін есептеу.....	45
5 Өміртіршілік қауіпсіздігі	51
5.1 Жалпы тамақтану бөлімінің жоспары	51
5.2 Жұмыс орнындағы еңбек жағдайларын талдау	52
5.3 Аспирация жүйесін есептеу. Кондиционер таңдау	56
Қорытынды.....	63
Әдебиеттер тізімі.....	64

Кіріспе

XXI-ғасырда адамазат өмірін түрлі заманауи технологияларсыз, гаджеттер мен электрондық құрылғыларсыз елестету қиын, тіпті мүмкін емес. Олар адам өмірінің бөлінбес бір бөлігіне айналғандай, және олар түрлі экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани сынды тағы да басқа салаларда қызметтер жасауда қолданылады. Бүгінде электрондық техникадағы жаңалықтар мен жетілдірулерге, ақпараттық саладағы жаңа жаңалықтарға зер салар болсақ, техникалық прогресстің шарықтап дамуы адам өмірінің технологияға тәуелділікті арттыруда. Бұрынғы электрондық технологиясыз заманды қазір тіпті көз алдымызға елестету қиынның қиыны. Себебі ғылыми көзқарас тұрғысынан қарасақ, ақпараттық технологиялар іс жүзінде қолдануға жарамды әмбебап, және ол уақыт тиімділігі мен көптеген мәселелерлердің шешу жолына әкеліп отыр.

Ақпараттық технологиялар жемісі: дербес компьютерлер, ноутбуктар, қарапайым ұялы телефондар, смартфондар, планшеттер. Бүгінде компьютерлер мен ноутбуктерді пайдаланудың ыңғайсыздығы әртүрлі шағын ұялы байланыс телефондардың, смартфондар мен коммуникаторлардың пайда болуына себепші. Олардың негізін операциялық жүйелер құрайды. Нарық ағымында Android және iPhone платформалары көш бастап тұр. Бірақ бұл платформалар тікелей мобильді қосымшалар арқылы жұмыс жасайды. Мобильді қосымшаларды құрастырудың заманауи технологиясы дамып, кешенді түрде қолданып келе жатыр. Технологияның қарыштаған заманында күн сайын мыңдаған мобильді қосымшалар құрастырылып, Google Play және Apple App Stores-қа жарияланып, кең қолданысқа шығуда.

Дипломдық жұмысқа алынған тапсырма – Android платформасына арналған мобильді қосымшаны әзірлеу. Әзірлеудің негізгі тілі Java болып табылады.

Дипломдық жұмыстың мақсаты: Ғасыр көшіне ілесу үшін адамның атқаратын қызметкерін технология қызметіне ауыстыру жүзеге асырылуда. ЖШС «Атырау Сауда» мекемесінде осы көштен қалмай, заман ағымымен жүруді қолдайды. Сондықтан, Android операциялық жүйесінің басқаруымен смартфондарға арналған қосымшаны әзірлеу арқылы жалпы тамақтандыру бөлімі үшін автоматтандыру жүйесін құру болып табылады.

Міндеттері: Мобильді құрылғыларға арналған қосымшаларды әзірлеуде білімді зерттеу және жақсарту, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген бағдарламаны әзірлеу. Көп ағынды қосымшалармен және платформаның ерекшеліктерімен танысу. Жұмысты орындау барысында келесі міндеттер қарастырылды және шешілді: мобильді платформаларға арналған әзірлеу принциптері туралы білім жақсартылды. Оның ішінде xml белгілеу, векторлық графиканы генерациялау командалары, қосымшалар жұмысының принциптері, мобильді қосымшалармен жұмыс істеу ерекшеліктері, сервистер мен фондық есептерді әзірлеу). Мақсатты платформа 4.1.2 нұсқасы Android платформасында орындалды.

Зерттеудің өзектілігі: Қазіргі заманда мобильді технологиялар күнделікті өмірде кеңінен таралған. Әр екінші адамның ұялы телефоны бар. Салыстырмалы түрде соңғы жылдар ішінде мобильді құрылғыларды сатып алу көрсеткіші бірнеше есе өсті. Бұл деректер үнемі өсуде және қазіргі уақытта статистика сол қалпында, өзгерісіз.

Дипломдық жобамда қойылған тапсырмаларды және оған қатысты пайда болған мәселелерді шешу келесі ретпен орындалады.

Бірінші бөлімінде тақырыпқа сай ақпараттарға талдау жүргізіліп, оңтайлы бағдарлама ортасын анықтау.

Екінші бөлімінде жалпы жобалау мен жобаның алгоритмдері мен диаграммалары қарастырылып оларға анықтамалар беру.

Үшінші бөлімінде жоба жасау барысында қолданылатын бағдарламалау тілі мен пайдалануың графикалық интерфейсі арқылы нәтижеге қол жеткізу.

Төртінші бөлімде экономикалық есептеулер жүргізіп, олардың нәтижелері шығару.

Бесінші бөлімде өміртіршілік қауіпсіздік мәселелерін қарастыру.

1 Ақпаратты талдау және міндеттемелерді қарастыру

1.1 Жалпы тамақтандыру бөлімінің жұмысына сипаттама

ЖШС «Атырау Сауда» Атырау облысы, Құлсары қаласында орналасқан. ЖШС бұрғылау жұмыстарымен айналысатындықтан Қазақстан бойынша бірнеше облыстарды қамтиды. Олар Маңғыстау обл., Атырау обл., Жамбыл обл., Ақтөбе обл. және де Атырау облысы. Сол себептен де өндіріс қызметкерлері ауысымдық әдіспен жұмыс жасайды. Ауысымдық әдіс «15-15» немесе 1 айлық кезеңмен өтеді.

Мекеме бірнеше бөлімдерге бөлінеді. Оның ішінде: есеп бөлімі, кадрлар бөлімі, жалпы тамақтандыру бөлімі. Менің дипломдық жобамның аясында осы бөлімдер арасынан жалпы тамақтандыру бөлімі үшін мобильдік қосымша құру.

Жалпы тамақтандыру бөлімінің қызметкерлері екі топқа бөлінеді. Бірінші, ол менеджерлер. Яғни, бас кеңсе қызметкерлері. Олар құжаттамалармен жұмыс атқарады. Ал, екінші қызметкерлер олар шалғайдағы асхана бөлімінің қызметкерлері. Оларға, аспазшылар мен олардың көмекшілері жатады. Ауысымдық әдіс болғандық қызметкерлерге үш мезгіл тамақтандыру ұсынылуы тиіс. Яғни, осы қызметі үшін асхана жұмыс істейді. Ендеше сол жалпы тамақтандыру бөлімінің жұмыс істеу алгоритмін қарастырсақ.

Асхана қызметкерлері әр ауысым сайын өздеріне қажетті азық-түліктер үшін алдымен ауысым басталмас бұрын менеджерге өтінім қағазы арқылы сұраныс береді. Ол қазіргі таңда осындай форматта жүзеге асырылуда (1.1 кестеде). Осы сұраныс бойынша менеджер қажетті азық-түлікті растап оның қажетті жерге жеткізуге ат салысады.

Кесте 1.1 – Өтінім парағы

№	Наименование	Ед.изм.	Количество	Сумма
1	Мука высший сорт	шт/кг
2	Мука 1 сорт	шт/кг
3	Мясо	шт/кг
4	Лук	шт/кг
5	Капуста	шт/кг
6	Чеснок	шт/кг
7	Рис	шт/кг
8	Морковь	шт/кг
9	Картофель	шт/кг
10	Гречка	шт/кг

Бұл форматты талдап, оның артықшылықтары мен кемшіліктеріне назар аударайық.

Біріншіден, ақпарат алмасу ұзақ уақыт алады. Себебі, шалғайдағы басқа облыстағы қызметкер менеджердің қолын алуы үшін, есеп жүргізу үшін жеткізу қызметіне жүгінуі қажет болады. Яғни, уақыт үнемділігі қарастырылмаған. Екіншіден, жазбаша түрде жүргізілетіндіктен парақтардың шығындалуы мен олардың қолды болуы немесе жоғалып қалу қаупі бар. Үшіншіден, бүгінгі технология заманында барлық жүйе цифрландырылып жатқанда ЖШС-ның бұл форматта жұмыс жасауы өзге бәсекелестер арасында беделін түсіруі мүмкін. Дегенмен, жазбаша форматқа үйренген егде жастағы қызметкерге қолайлы болуы мүмкін.

Дипломдық жоба мекеме қызметкерлерінің ұсынысы бойынша мобильдік қосымша Android платформасына арналып жасалуы қажет. Себебі, қызметкерлердің қолданысында Android платформасы орнатылған ұялы телефон. Екінші тұрғыдан Android платформасы ашық, сондықтан әркім өз қолданбасын жаза алады және бағдарлама каталогтары арқылы оны тарата алады. Қосымша қандай талаптарға сай болуы тиіс, осыны қарастырсақ.

Біріншіден, мобильдік қосымша А қаласындағы қызметкердің сұранысын Б қаласының қызметкеріне тез жеткізуі шарт. Осы орайда, А қызметкер біздің жағдайда, аспаз өзіне қажетті азық-түлікті, көлемі (кг) және де мөлшері (дана) бойынша өтініш білдіре алуы керек. сәйкесінше Б қызметкер осы өтінімді қабылдап растау мүмкіндігіне ие болуы шарт.

Екіншіден, мекеме талаптарының бірі ол – фирмалық түстің сақталуы.

Үшіншіден, мобильдік қосымша интерфейсін кез-келген қызметкерге оңтайландырылған болуы маңызды. Яғни, жоба интерфейсін түсінуге оңай, қолжетімділігіне назар аудару керек.

Төртіншіден, әр қызметкер өзінің жеке логин мен құпия сөзге ие болуы шарт.

1.2 Мобильді қосымша

1997 жылы WAP (Wireless Application Protocol - Сымсыз қолданба хаттамасы) технологиясы ұялы байланыс нарығында пайда болып, ол компьютерге арнайы кабель қолданбай-ақ ұялы телефондарға тікелей ғаламтордан бағдарламаларды орнатуға мүмкіндік берді. Міне, осының арқасында қоғамда «жалпы мобильдендіру» процесі бастау алды. 2000-жылдардың басында мобильді қосымшаларды телефондармен үлкен сенсорлық экрандармен дамыту сапалы жаңа деңгейдегі мобильді қосымшаларды жасау мүмкіндігі жүзеге асты. Мобилді қосымшаларды құрастыру тұтынушылардың қажеттілігінің алдын ала орындауға мүмкіндігі бар шешімі қолданушыға белгісіз алгоритмдер мен тапсырмаларды орындауға негізделген және де оның анықтамасы, белгілі бір тұтынушылар тобына арналып құрастырылып, олардың қандай да бір мәселелері мен қиындығын шешуге бағытталған.

Нақты платформаға орнатылған және де белгілі бір әрекеттерді шешуге мүмкіндігі бар функционалды арнайы мобильдік қосымша келесідей түрлерге жіктеледі:

- қосымша-оқиға, яғни әртүрлі іс-шараларды, оқиғаларды көрсетуге мүмкіндік береді;
- қызметтік қосымша, ұйымдардың қызметін көрсететін сайттарға ұқсас сервистік қосымшалар;
- үйретуге, дамытуға арналған әртүрлі ойындарға бағытталған қосымшалар;
- онлайн режимде сатылым жасауға бағытталған интернет дүкендер;
- әртүрлі брендтерді жарнамалау үшін промо-қосымшалар;
- бизнес-қосымша: ұйымның үдерісін оңтайландыруға, бизнес ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз етуге және деректер базасымен біріктіруге мүмкіндік береді;
- жүйелік қосымша: телефон мен оның бағдарламалық жасақтамасы үшін кеңейтілген параметрлер мен опцияларды пайдалану;
- телефонды толық навигатор ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін GPS модулін пайдаланатын іздеу қызметтері бар қосымша;
- бейне және аудио ақпаратпен жұмыс істеу кезінде телефонның мүмкіндігін кеңейтетін мультимедиалық бағдарламаладағы қосымшалар;
- әлеуметтік желілер, байланыс үшін онлайн қызметтер, ақпарат таратуы және әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырушы қосымшалар;
- контенттік қосымшалар және т.б.

Статистикалық мәліметтер бойынша, App Annie аналитикалық компаниясының есебіне сәйкес, 2017 жылы мобильді қосымшалардың әлемдік нарығы 28,6% – ға өсіп, \$166 млрд. жетеді деп күтілуде. Оның \$65 млрд. – қосымшалар мен жазылымдарды сатып алу шығындары, ал \$101 млрд. - жарнама берушілер мен қосымшаларды әзірлеушілердің жылжыту шығындары.

App Annie нарықтарын талдау жөніндегі Директор Самир Синха 2016 жылы пайдаланушылар \$52 млрд, жарнама берушілер – \$77 млрд. қосымшаларға жұмсайды. Табыс өсімі әлеуметтік желілер (бірінші кезекте Facebook), ағындық бейне (YouTube және т.б.) тегін тұғырнамалары және ұялы ойындарға салынған жарнаманың арқасында болды. Ең танымал формат — бейнетіркеуіш. Ірі брендтердің жарнамасы барлық орналастырудың 12,5% - ын құрайды

Осы тұста, мобильді қосымшалардың өзектілігі мен мақсаттылығы айқын. Оның артықшылықтары:

Ыңғайлылық. Талдау көрсеткендей, қолданбалар ұқсас веб-сайттарға қарағанда ыңғайлы. Олар пайдаланушымен жақсы қарым-қатынас жасайды, мазмұнды жылдам жүктейді, пайдалану оңай. Сонымен қатар, экранның әр түрлі өлшемдерімен икемді push ескертулері мен дизайны бар;

Жекелендіру. Мобильді бағдарламалар тұрақты пайдалануды талап ететін қызметтер үшін тамаша шешім болып табылады. Олар

пайдаланушыларға жеке есептік жазбаларды жасауға, сондай-ақ маңызды ақпаратты қолмен сақтауға мүмкіндік береді;

Желіден тыс жұмыс. Қолданбалар орнатуды талап еткендіктен, олар Интернет қосылымынсыз да өз қызметтері мен мазмұндарына қол жеткізе алады;

Мобильді қосымшалардың бірден-бір артықшылығы ретінде уақыт тапшылығының болдырмауын қарастыруға болады. Себебі, уақыт бүгінде адамзаттың бағалай алмай жүрген ең асыл құндылығы. Сондықтан да, бүгінгі таңда көптеген мекемелер әлдеқашан мобильдік жүйеге ауыстырылды. Мысалға, жоғарғы оқу орындары IBM компьютері үшін жазылған MS DOS операциялық жүйесімен басқару арқылы жүргізілетін бағдарлама комплексін құрастырған болатын. Солардың бірі, «Талапкер» — талапкер жайлы мәліметті және оқуға түсер алдындағы емтихан нәтижелерін автоматтандыруға арналған программа. Жоғарғы оқу орнынан бөлек банк жүйелері де осы автоматтандыруды қолдайды. Ғаламтордың көмегімен көптеген банктік қызметтерді тұтына аласыз. Мысалға, күнделікті біз қолданып жүрген Kaspi.kz қосымшасы арқылы қажетті төлем жүргізіп уақыт үнемділігін арттырып жүрміз. Біздің жағдайда, «Атырау Сауда» жауапкерлігі шектеулі серіктестігі де осыны растайды.


1.3 Оңтайлы бағдарлама ортасын таңдау

1.3.1 Android ОЖ туралы түсініктеме

Android – смартфондарға, компьютерлерге, ноутбуктер, электрондық кітаптарға, сандық ойнатқыштарға, "ақылды" қол сағаттарға, нетбуктарға, смартбуктарға, Google көзілдіріктеріне, теледидарларға, автомобильді автоматты басқару жүйесі мен басқа да құрылғыларға арналған операциялық жүйе.

Android компаниясының тарихы 2003 жылдан басталады. Оны ғаламторға кіре алатын және олар жазған ашық операциялық жүйеде жұмыс істей алатын гаджеттер үшін жобалар жасап, тәжірибе жасай бастаған бір топ талантты жасаушылар құрды. Олардың командасындағы ең танымал адам - Энди Рубин. Бірде олар android.com доменін алып, олардың дамуының атауына айналды. 2005 жылға қарай Android-тің жұмыс істейтін нұсқасы құрылды және 2005 жылғы тамызда келіссөздер нәтижесінде Google 130 миллион долларға Android сатып алды, ал әзірлеушілер тобы Google-ге көшті. Уақыт көрсеткендей, Google үшін транзакция өте тиімді инвестиция болды.

Кейбір бақылаушылар Android-ті веб-серфинг, Google Inc. қызметтерімен интеграциялау сынды бірқатар мүмкіндіктері бойынша Apple iOS-тен әлдеқайда жақсы бәсекелес деп санайды. Және де Қазақстан Республикасының статистикалық мәліметтеріне сүйенер болсақ, тұрғындардың 55%-ы Android платформасын қолданады екен. Статистикалық мәлімет есебі 1.3 суретте көрсетілген.



1.3 сурет - МҚ құрылымдық схемасы

Сондай-ақ, Android, iOS-тен айырмашылығы, оған қосымша функцияларды орындауға мүмкіндік беретін ашық платформа.

Android құрылғыларында, әдетте, microSD карталарын оқу құрылғысы бар, бұл файлдарды компьютерден телефонға жылдам жіберуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Windows Phone 7-де синхрондау бағдарламалары (Zune) қоспағанда, кез-келген файлды тікелей телефоннан және телефоннан тікелей жіберу мүмкін емес, ал Android телефондары жад картасының файлдық жүйесін USB көлемді сақтау құрылғысы ретінде экспорттайды (басталған нұсқаларда) 3.0 бастап өндірушінің қалауы бойынша) немесе Media Transfer Protocol (MTP) протоколын қолданады.

Android өзінің танымалдылығын көбінесе ашық бастапқы код пен Google компаниясының мобильді құрылғылар өндірушілеріне Android платформасын өз өнімдеріне тегін пайдалануға мүмкіндік беретін саясатының арқасында ие болды. Android-ді Samsung, HTC, Sony, Huawei сияқты көптеген мобильді құрылғылар өндірушілері қолданады.

Бастапқыда Google Android нұсқасына әйгілі роботтардың атын беруді жоспарлаған болатын дегенмен, авторлық құқыққа байланысты бұл ойдан бас тартылды. Код атаулары латын әліпбиінің алфавиттік реті бойынша тағайындалады.

Android платформасы Linux амалдық жүйесінің ядросына негізделген операциялық жүйеден, ендірілген мобильді қосымшалардан және өтпелі бағдарламалық жасақтамадан тұрады. Android платформасын құру мен жетілдірудің басында Google тұр.

Android кез-келген әрекетті фондық түрде орындауға мүмкіндік береді, екіөлшемді және үшөлшемді графиканы қолдайды, файлдық жүйеге және мәліметтер базасына кіруге мүмкіндік береді, пайдаланушы интерфейсі элементтерінің кең кітапханасын ұсынады.

Android жүйесінің архитектурасы келесі деңгейлерден тұрады:

- 1) Linux амалдық жүйесінің ядросы.
- 2) Кітапханалар және жұмыс уақыты жүйесі.

3) Қолданбалар шеңберінің деңгейі әзірлеушіге API интерфейсінің API интерфейсіне кіруге мүмкіндік береді.

4) қолдану деңгейі - стандартты қосымшалар жиынтығы.

1.3.2 Android Studio қолданбасы

Бағдарлама әр түрлі экранды құрылғыларда, әр түрлі жақтарымен қолданба дұрыс жұмыс істеуін тексеруге мүмкіндік беретін эмулятор орнатылған. Бұл функция экрандар орнатылған смартфондардың трендтеріне кіргеннен кейін, әсіресе, өзекті болды.

Эмулятордың ерекшелігі-ең танымал құрылғыларда қолданбаны іске қосқан кезде шамамен өнімділік көрсеткіштерін көру.

Android Studio Қосымшаларының даму ортасы соңғы нұсқасы жаңадан бастаған әзірлеушілер үшін де ыңғайлы болды. Бағдарламада кодты орауға, оны таңбалауға арналған барлық заманауи құралдар іске асырылды. Көптеген жасаушылар үшін Drag-n-Drop функциясы қажет, компоненттерді өңдеу ортасына тікелей тасымалдауды жеңілдетеді.

Қосымшаларды оқшаулау Android Studio қасиеттерінің тізіміне кіретін SDK функциясымен айтарлықтай оңайырақ болады.

Бағдарламаның мақсатты аудиториясымен Байланыс оның релизінен кейін Google – Google Cloud Messaging компаниясының құралын іске асыруға көмектеседі. Өнімділік, пайдалану ыңғайлылығы, нұсқалардың үйлесімдігі және т. б. байланысты проблемаларды қосымша кодында анықтау үшін бастапқы код талдағыштары.

Кодты өзгерту режимінде C/C++ қолдауы және төмен деңгейлі командаларды (LLDB) теру арқылы баптау мүмкіндігі, бұл қолданбада Java-дан тікелей кіру үшін интерфейс компоненттерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Firebase SDK, Firebase Test Lab, Firebase App Indexing және Google Cloud Platform.

APK файлдарын көру және оның жалпы көлемінде қосымшаның жеке компоненттерінің үлес үлесін анықтау үшін ҚХА талдағышы.

Espresso тестілерін жазу модулі (бета версия) пайдаланушы интерфейсіннің тестілерін жасау үшін оның қосымшамен өзара әрекеттесуін тіркеу, сондай-ақ тестердің бағдарламалық кодын одан әрі шығару арқылы.

Бағдарлама көріністерінің иерархиясын көру үшін макет инспекторы.

Android құрылғысында OpenGL ES командаларының ағынын басып алу және оны Android Studio-да іске қосу үшін графикалық процессорды реттеуші (бета нұсқасы).

Утилитаның артықшылықтары:

- өңдеу ортасы бірнеше бағдарламалау тілдерін қолдайды, оларға ең танымал – C/C++, Java;

- жұмыс істеуге ыңғайлы код редакторы;

- Смартфондар/планшеттер үшін ғана емес, сондай-ақ портативті компьютерлерге, Android TV теледидарларына, Android Wear құрылғыларына,

экран жақтарының ерекше арақатынасы бар жаңа модальды мобильді құрылғыларға арналған қосымшаларды әзірлеуге мүмкіндік береді;

- жаңа ойындар, утилит, олардың өнімділігін тестілеу тікелей эмулятор;
- дайын кодты рефакторинг;
- БҚ әзірлеу үшін дайын үлгілер мен компоненттері бар жеткілікті үлкен кітапхана;
- Android N – операциялық жүйенің ең соңғы нұсқасына арналған қосымшаны әзірлеу;
- бұрын жасалған қосымшаны ондағы қателер мәніне алдын ала тексеру;
- әр қолданба элементін, ойындарды тестілеу үшін құралдардың үлкен жиынтығы;
- тәжірибесіз/жаңадан бастаған әзірлеушілер үшін утилитаның ресми сайтында орналасқан Android Studio пайдалану нұсқаулығы арнайы жасалған.

1.3.3 Android қосымшасы компоненттері

Android жүйесінің ерекшелігі қосымша өз функциялары үшін, қолжетімділік болған жағдайда басқа қосымшалар элементтерін қолдана алады. Мысалы, егер біздің қосымшаға айналдырып көруге болатын суреттер тізімі керек болса, ал, басқа қосымшада бізге керек скроллер бар болса, оны басқа қосымшадан шақыруға болады.

Android қосымшалары жүйе жұмыс істей алатын және басқаруға болатын компоненттерден тұрады. Android платформасының басты ерекшелігі - бір қосымшаның басқа қосымшалардың элементтерін қолдана алатындығы (егер бұл қосымшалар оларды пайдалануға мүмкіндік берсе). Сонымен қатар, сіздің қосымшаңызда басқа қосымшаның немесе оған сілтемелердің коды жоқ, тек басқа қосымшаның қажетті элементін іске қосады.

Басқа қосымшалардың компоненттерін осы мақсатта қолдану үшін жүйе қажетті компонент орналасқан қолданбалы процесті бастауға және оған қажет объектілерді баптауға қабілетті болуы керек. Сондықтан, көптеген басқа жүйелердегі қосымшалардан айырмашылығы, Android қосымшаларында бүкіл бағдарламаны іске қосу үшін бірыңғай кіру нүктесі жоқ, мысалы, ұқсас бағдарламалау тілдеріндегі негізгі () функцияға ұқсас. Android қосымшалары жүйені іске қосатын және қажет болған жағдайда іске қосатын компоненттерден тұрады.

Жалпы алғанда, Android қосымшаларында компоненттердің төрт түрі бар:

- Әрекеттілігі;
- Қызметі;
- Таратқышты қабылдағыш;
- Мазмұн жеткізушісі;

Әрекет (Әрекет) - бұл пайдаланушы интерфейсі бар бір экран. Мысалы, электрондық поштаның қосымшасында бір хабарлама жаңа хабарламалар тізімін көрсету үшін, екіншісі хабарлама жазу үшін, ал үшінші біреуі

хабарламаларды оқуға арналған. Бірлескен әрекеттер пайдаланушының электрондық пошта қосымшасымен жүйелі өзара әрекеттесуін қалыптастыратындығына қарамастан, олардың әрқайсысы басқа операцияларға тәуелді емес. Осы операциялардың кез-келгенін басқа қосымшамен бастауға болады (егер электрондық пошта қосымшасы рұқсат берсе). Мысалы, фотокамера қолданбасы фотосуретті жібере алатындай етіп жаңа хабарлама жіберетін электрондық поштаның қосымшасында әрекет етуі мүмкін.

Сервис (Service) - бұл фонда жұмыс істейтін және қашықтағы процестермен байланысты ұзақ операцияларды орындайтын компонент. Қызметте пайдаланушы интерфейсі жоқ. Мысалы, ол басқа қолданбада жұмыс істеп тұрған кезде музыканы фондық режимде ойната алады немесе желідегі мәліметтерді пайдаланушының әрекеттесуін бұғаттамай қабылдай алады. Қызметті басқа компоненттен бастауға болады, ол содан кейін онымен өзара әрекеттеседі, мысалы, операция.

Мазмұн провайдері бағдарламаның жалпы деректер жинағын басқарады. Деректер файлдық жүйеде, SQLite дерекқорында, Интернетте немесе сіздің қолданбаңыз кіре алатын кез келген басқа тұрақты сақтау орнында сақталуы мүмкін. Мазмұн провайдері арқылы басқа бағдарламалар деректерді сұрай алады немесе өзгерте алады (егер контент провайдері рұқсат берсе). Мысалы, Android-де пайдаланушының байланыс ақпаратын басқаратын мазмұн провайдері бар. Тиісті рұқсаттарды алған кез-келген бағдарлама белгілі бір адам туралы ақпаратты оқу және жазу үшін осы мазмұн провайдерінің бір бөлігін (мысалы, ContactsContract.Data) сұрай алады.

Мазмұн провайдерлері қосымша сыртқы компоненттерге қол жеткізуді қамтамасыз етпейтін деректерді оқу және жазу үшін де қолданылады. Мысалы, Note Pad қосымшасының мазмұнында, провайдер көмегімен жазбалар сақталады.

Мазмұн провайдері ContentProvider класының қосалқы класы болып табылады. Ол басқа қолданбалармен транзакциялар жасайтын API интерфейстерінің стандартты жиынтығын іске асыруы керек.

1.3.4 Android ОЖ және Android қосымшалардың жұмыс істеу принципі

Android ОЖ-не арналған қосымшалар негізінде Java бағдарламалау тілін қолданумен құрылады. Компиляцияланған код (барлық файлдық ресурстармен және т.б қажетті ақпараттармен бірге) AndroidPackage арнайы файлдық мұрағатта жинақталады. Бұл файл кеңейтілімі *.apk болып табылады aapttool арнайы утилитасымен жинақталады. Осы файл қосымша түрінде мобильді құрылғыға жүктеледі. Үнсіз келісім бойынша әр бағдарлама Linux ядросымен басқарылады. Осылай қосымша коды балық басқа қосымшалардан жекеленіп орындалады. Android процессті қандай да бір кодты орындау қажеттілігі туғанда ғана іске қосып-өшіреді. Үнсіз келісім бойынша әр қосымшаға өзінің бірегей қолданушы ID Linux-сі меншіктеледі. Қолжетімділік

құқығы қосымша файлдары осы қолданушыға және берілген қосымшаға ғана көрінетіндей болып орнатылады. Бірақ оларды басқа қосымшаларға экспорттау әдістері бар. Мысалы, бір қолданушы ID-ін екі қосымшаға қолдану мүмкіндігі бар. Бұндай жағдайда қосымшалар бір-бірінің файлдарын көре алады. Жүйелік ресурстарды үнемдеу мақсатында, бірдей ID-лі қосымшалар арасында бір Linux-процесте, бір виртуалды машинада іске асыруға келісуге болады.

Android Guideline – мобильдік қосымшалардың дисплейінің өлшемдері кішкентай болып шектелген. Шет жақтағы бағдарлама шығарушылар ілесетіндей етіп операциялық жүйе шығарушылар, сараптамашылар тобы әрбір мобильдік платформаларға арнайы ережелер шығаруда, осы ұсыныстардың барлығы guideline деп аталады. Осындай басқарулар элементтердің қосымшадағы нақты немесе шамамен өлшемдерін, орын ауысуын, өзара қарым-қатынастарын регламенттейді. Гайдлайндар операциялық жүйе бір принцип бойынша құралу үшін және ал қолданушы әртүрлі қосымшамен жұмыс жасай отыра өз мақсатына жету үшін бір алгоритмге сүйенуі үшін қажет. Бұл бағдарлама шығарушылардың мүмкіндігі шектелген деген мағына емес, керісінше бағдарлама шығарушылардың жұмысын оңайлатады және қосымшалар қолданушыларға түсінікті және қолжетімді болады. Әрине әрбір операциялық жүйенің экран өлшемдері және аппарат түзілістері әртүрлі болып келеді. Blackberry телефоны көбінесе физикалық клавиатурамен қамтамасыздандырылған, ал Android базасындағы телефондар физикалық және сенсорлық «домой», «меню», «назад» және «поиск» батырмаларына ие. Ал Apple компаниясының телефондары қосымшаны жабуға және жұмыс үстеліне қайтуға арналған тек бір батырмаға ие. Бұл бөлімде Android операциялық жүйесінің ерекшеліктері және сәйкесінше гайдлайнның соңғы нұсқалары қарастырылады. Телефон дисплейіндегі нақты орын жүйелік панельге жатады: жүйелік трей және навигация панелі.

Жүйелік трей – экранның оң жақ төменінде сағат орналасқан кішкентай ғана аумақ. Статус панелінде құрылымының жағдайы, сағат, навигациялық құрылғылар және де қолданушыға жаңа хабарлама немесе жаңалықтар жайында хабарлап тұратын кішкентай иконкасы көрсетіліп тұрады. Навигациялық панель жүйеге стандартты «домой», «назад» және «іске қосылған қосымшалар» батырмаларын көрсетіп тұрады. Ерте шыққан телефон модельдеріне арналған Android-тың ескі нұсқаларында навигация панелі «домой», «меню», «назад» және «поиск» физикалық батырмалар түрлеріне ие, сәйкесінше бұлар дисплейде көрсетілмейді. Ереже бойынша, жүйелік панельдер қосымшамен біруақытта көрсетіледі, қосымша графикалық бөлікке ие болса, сурет немесе бейне сияқты, қолданушыға бөгет келтірмеу үшін панельді уақытша жасыруға болады.

Android-тың 4.0 нұсқасынан бастап, экранның төменінде орналасатын іс-әрекет панелі пайда болды. Оның құрамында аса маңызды іс-әрекет жасауға арналған батырмалар бар. Маңызы төмен іс-әрекет батырмалары меню астына


кетеді, сәйкесінше иконкаға басылған кезде шақырылады. Физикалық батырмалары бар телефондарда «меню» батырмасын баса отыра екінші реттегі іс-әрекетті шақыруға болады. Бұл басқару принципі Android 3.0 және одан жоғары базалардағы телефондарға жазылған қосымшаларға өзекті. Android 2.3 және одан төмен виртуалды навигациялы панелі базасына арналған қосымшаларда сурет көрсетілу барысы басқаша: «меню» батырмасы іске қосылған мұндай қосымшалармен жұмыс жасау барысында навигацияның виртуалды панелінің иконка пайда болады, қол тигізсе қалқу мәзірі пайда болады. Жаңа нұсқада сонымен қатар ым жүйесі өзгертілген, мысалғы, объектіге ұзақ уақыт басып тұру, объектімен контекстік қимыл таңдауын көрсететін, енді деректер таңдауға қолданылады, ал контекстік панель таңдалған деректермен басқарылып жатқан қимылды таңдауға мүмкіндік береді. Қолданушымен кері байланысты анимацияланған заставка көмегімен іске асыруға болады. Жаңа экран немесе файл жүктеліп жатқан кезде, батырмаларға тиген кезде олар түс ауысу іс-қимылымен әсерін беруі керек. Осының көмегімен қолданушы қандай батырмаға басқанын біліп отырады. Қолданушы төменге немесе жоғарыға дейін айналдырып апарса және ары қарай жол болмаса, егер экран сәйкесінше жоғарыға немесе төменге секіріп жатса, бұл қолданушыға ары қарай жол жоқ екенін түсіндіреді. Жасалып жатқан интерфейс ұзындығы және ені бойынша оңай созылуы тиіс, ол әртүрлі құрылғыларда қолдануға ыңғайлы болады. Егер ол мүмкін болмаса, әртүрлі экрандарға әртүрлі нұсқалар жасап шығарылуы тиіс. Әртүрлі экрандарға арналған интерфейс жасаудың 2 алгоритмі бар: тип өлшеміне сәйкес макет жасап шығару (medium size, MDPI) және соны керек болғанынша созу, немесе ең үлкен өлшемнен бастап, керек өлшемге кішірейтіп макет жасау.

2 Жобалау бөлімі

2.1 Мобильді қосымшаның құрылымдық схемасы

Қосымша құрылымына төрт блок кіреді: Асхана ас мәзірі, Өнімдерге өтінім, Жеке кабинет және Әкімшілік.


Осы блоктардың әрқайсысы әрбір бөлім бойынша қажетті ақпаратты көрсетуі тиіс. Бұдан әрі әрбір бөлімде толтырылатын ақпаратпен бірнеше блоктар болады. Мобильді қосымшаның құрылымдық схемасы 2.1- суретте көрсетілген.



2.1 сурет - МҚ құрылымдық схемасы


«Асхана ас мәзірі» мен «Өнімдерге өтінім білдіру» блогы барлық қолданушылар үшін қол жетімді болып келеді. Яғни, күнделікті ас мәзірі барлығына көрініп тұрады. Біздің жағдайда, олар менеджер, аспазшы және әкімші.

2.2 Мобильді қосымшаның класстар диаграммасы




2.2 сурет – Мобильді қосымшаның класстар диаграммасы


2.3 Мобильді қосымшаның қолдану нұсқаларының диаграммасы



2.3.1 сурет – Тапсырыс берушінің (аспаз) қолдану нұсқасының диаграммасы




2.3.2 сурет – Менеджердің қолдану нұсқасының диаграммасы



2.3.3 сурет –Әкімшінің қолдану нұсқасының диаграммасы


2.4 Мобильді қосымшаның компоненттер диаграммасы




2.4 суретм- МҚ компоненттер диаграммасы

2.5 Мобильді қосымшаның күй диаграммасы

2.5.1 және 2.5.2 суретте қосымшалардың қызмет диаграммалары берілген. Келтірілген диаграмма әзірленген қосымшаны пайдаланудың негізгі нұсқаларын сипаттайды. «Тапсырыс беруші (аспаз)» мен «Менеджер» -дің күй диаграммасын қарастырсақ.




2.5.1 сурет – Тапсырыс берушінің (аспаз) күй диаграммасы



2.5.2 сурет – Менеджердің күй диаграммасы

2.6 Мобильді қосымшаның тізбектілік диаграммасы



2.6 сурет - МҚ тізбектілік диаграммасы

3 Программалық қамтаманы жүзеге асыру және тестілеу бөлімі

3.1 Бағдарламалау тілі

Java - бұл веб-әзірлеу және Android-ті дамыту үшін жиі қолданылатын әмбебап бағдарламалау тілі. Java - виртуалды машина арқылы немесе шолғыш арқылы басқаруға болатын объектіге бағытталған тіл. Бұл әзірленген кодты және бағдарламалық жасақтаманы бірнеше рет қолданған кезде ыңғайлы етеді, бұл ОЖ жағдайында жиі кездеседі.

Ұялы телефондарға арналған қосымшалар өндірісін талқылау кезінде көбінесе бұл отандық өнімдер, яғни нақты мобильді ОЖ-ге арналған өнімдерді білдіреді. Мұнда Java-да бағдарламалау, ең алдымен, Android үшін қосымшалар жасағысы келетіндерге қатысты, бірақ iOS әзірлеушілері үшін Java, ObjectiveC және Swift үйлесімінен айырмашылығы, қосымша құрал болып табылады.

Кросс-платформалық қосымшалар үшін, яғни әртүрлі мобильді операциялық жүйелерде жұмыс істейтін қосымшалар үшін Java тиісті тіл болып қала береді. Алайда, әр түрлі платформаларда қосымшалармен жұмыс жасау көбінесе мобильді ОЖ-нің ерекшеліктерін ескеру қажеттілігіне байланысты бірнеше тілді қосуды қамтитынын ескеру қажет.

Java маңызды болып табылатын мобильді қосымшаның тағы бір түрі - бұл гибридті қосымшалар, яғни веб-қосымшалардың және жергілікті бағдарламалардың мүмкіндіктерін біріктіретін қосымшалар. Мұнда Java-ны екі нұсқада қолдануға болады: бағдарлама қабығы тікелей Java-да жазылған, ал веб-бөлігі бірнеше сценарий тілінде жазылған, бұл кейбір функционалды мүмкіндіктерді қосуға жеткілікті ыңғайлы.

Java-да бірнеше артықшылықтар да, кемшіліктер де бар. Біріншіден, бұл компиляция нәтижесінде байт-кодты шығаратын және содан кейін виртуалды Java машинасы арқылы жүйеге бағытталған нақты командаларға айналдырылатын технологияның мәні. Бұл Java-ны әмбебап құралға айналдырады, бірақ виртуалды машинаның өнімділігі жылдамдыққа жақсы әсер етпейді.

Тағы бір ерекшелігі - бірдей C және C ++ айырмашылығы, жадқа тікелей қол жеткізуге тыйым салу. Мұны екі мағыналы ретінде қарастыруға болады: бір жағынан, жадқа қол жетімділіктің болмауы өнімді тұрақты етеді; екінші жағынан, виртуалды машина массивтің шегінен асқанын тексеріп жатқанда, өнімділік төмендейді.

Java-да қоқысты автоматты түрде жинау бағдарламашыларға пайдаланылмаған нысандарды жоюды қолмен тіркеуді қажет етеді. Бұл өте ыңғайлы және әзірлеушінің уақытын үнемдейді, бірақ қоқыс жинаушы - бұл жұмыс жылдамдығына кері әсер ететін Java машинасының тағы бір бөлігі.


Ең маңызды артықшылықтардың бірі - үнемі жаңартылып тұратын стандартты кітапхананың болуы, ондағы көптеген тапсырмалардың алгоритмдері мен мәліметтерін таба аласыз. Қолайсыздық - Java-да

стандартты кітапхананың баламасы жоқ, сондықтан бір жерде қате пайда болса, дамуда қиындықтар туындауы мүмкін.

Java-дағы белгілі бір оң сәт - байт кодын жергілікті процессор нұсқауларына түрлендіруге арналған JIT компиляторының болуы. Осы қосымшаларға сүйене отырып, компилятор жоғары сапалы оңтайландыруды жүзеге асырады, кейбір жағдайларда Java қосымшалары басқа тілдерде жазылғандарға қарағанда жылдамырақ көрінеді.

3.2 Пайдаланушының графикалық интерфейсі

Бағдарламалық жасақтаманы графикалық интерфейстен бастайық. Бұл Android үшін бағдарламалау ерекшеліктеріне байланысты. Терезе элементтерімен өзара әрекет ету үшін бағдарламалық модуль идентификаторлар арқылы қажетті элементтерге қосылады. Бұл ретте бас терезеде интерфейс элементтері бірінші кезекте жасалуы тиіс. Бұрын айтылғандай, пайдаланушының графикалық интерфейсі XML файлдарда жарияланады, ал Android қосымшаларын әзірлеу үшін негізгі тіл Java бағдарламалау тілі болып табылады. Белгілі бір құрылымға сәйкес, қолданба компоненттерін жасау кезінде Java тілі қолданылады.



3.2.1 сурет - МҚ негізгі беті

Қосымшада есептік жазбалардың үш түрі бар:


Кесте 3.1 - Есептік жазбалар тізімі

Қолданушылар	Қызметі	Логин	Пароль
Әкімші	Пайдаланушылар тізімін өңдей алады. Пайдаланушыларға	+77011234567	12345

	логин, парольді береге құқылы.		
Менеджер	Өтінімдер мен есептерге өңдеуге рұқсаты бар	+7051234567	12345
Тапсырыс беруші(аспаз)	Өтінім жібереді, ас мәзірін енгізе алады және оған өзгертулер енгізе алады.	+77001234567	12345

«Асхана ас мәзірі» парағы


«Асхана ас мәзірі» барлық қолданушылар үшін қол жетімді болып келеді. Асхана мәзірін қарау үшін «Асхана мәзірі» батырмасын басу қажет. Экранға деректер базасына енгізілген соңғы күннің мәзірі шығады.



3.2.2 сурет – Асхана мәзірі парағы

«Әкімшілік» парағы


Әкімші рөліне қол жетімді. Есептік жазбаларды әкімшілендіру үшін бастапқы экранда "әкімшілендіру" батырмасын басу, әкімші логині мен парольін енгізу және келесі экранда "қызметкерлер" батырмасын басу қажет.



3.2.3 сурет – Әкімші парағына кіру

Іздеу үшін қызметкердің өзгерту қажет «Қызметкерлер» деген жол іздеу батырмасын басыңыз «Фильтр». «Қосу» түймесін басу жаңа есептік жазбаны жасауға мүмкіндік береді, тізімнен пайдаланушыны таңдау - бар жазбаны өзгертуге мүмкіндік береді.


Есептік жазбаны өзгерту терезесінде «Сақтау» түймесін басу енгізілген өзгерістерді сақтайды, «Жою» батырмасын басу - экранды өзгертпей жабады. «Жою» батырмасы - ағымдағы жазбаны жоюға мүмкіндік береді.




3.2.4 сурет – Қызметкерлер парағы

«Асхана мәзірін өзгерту» парағы

«Аспаз» рөліне қол жетімді. Асхана мәзірін өзгерту үшін бастапқы экранда «Әкімшілендіру» батырмасын басу, әкімші логині мен паролін және келесі экранда «Асхана мәзірі» батырмасын басу қажет.




3.2.5 сурет – Аспаз парағына кіру



3.2.6 сурет – Асхана мәзірін өзгерту парағы


«Өнімге өтінім беру» парағы

«Аспаз» рөліне қол жетімді. Бастапқы экранда өтінім беру үшін аттас батырманы басу, логин мен парольді енгізу қажет. Келесі экранда «Қосу» батырмасын басу керек.



3.2.7 сурет – Аспаз парағына кіру


Жеткізу күнін және өнімдерге қажеттілікті енгізу қажет, «Сақтау» батырмасын басу өтінімді сақтайды.



3.2.7 сурет – Өнімге өтінім беру


«Өтінімдерді басқару» парағы

Бұл парақ «Менеджер» рөліне қол жетімді. Өтінімдерді әкімшілендіру үшін бастапқы экранда «Әкімшілендіру» батырмасын басу, логин мен пароль енгізу және келесі экранда «Өнімдерге өтінімдер» батырмасын басу қажет.




3.2.8 сурет – Менеджер парағына кіру

Тізімнен қосымшаны таңдау бағдарламаға өтіп, «Әрекет» түймесін басып, оны жылжыту кезеңін енгізуге мүмкіндік береді.




3.2.9 сурет – Өтінімдерді растау



3.2.9 сурет – Өтінімдерді растау қорытындысы


«Жеке кабинет» парағы

Парольді өзгерту үшін, сіз өзіңіздің жеке кабинетіңізге кіруіңіз керек, ол бастау экранындағы «Жеке кабинет» түймесін басыңыз. Кіру үшін пайдаланушы аты мен парольді енгізу қажет.



3.2.10 сурет – Жеке кабинет парағы


Менеджер рөліне қол жетімді. Есептерді қарау үшін бастау экранындағы «Басқару» түймесін басыңыз керек, менеджердің логині мен парольін, ал келесі экранда «Есептер» батырмасын басыңыз керек.



3.2.11 сурет – Есеп беру парағы

Құпия сөзді қалпына келтіру

Егер пайдаланушы құпия сөзді ұмытып қалса, құпия сөз өрісіне кез келген мәнді енгізу қажет болса, бұл жағдайда қолданба құпия сөзді қалпына келтіруді ұсынады. Құпия сөзді қалпына келтіру үшін "Ок" батырмасын басу және келесі негізгі экрандағы түймесін "Восстановить пароль?».».



3.2.12 сурет – Құпия сөзді қалпына келтіру

Жаңа пароль тіркелген кезде көрсетілген пошта жәшігіне келеді.

Восстановление пароля AsaudaEAT



asaudaeat@mail.ru Сегодня, 11:45

Кому: вам

ваш новый пароль 12670

↩ Ответить ➡ Переслать

3.2.13 сурет – Жаңа құпия сөз

4 Экономикалық негіздеме

Бүгінгі таңда мобильді қосымша ұғымы барлық адамзатқа таныс. Алғашында уақыт үнемдеуге жоспарланған мобильді қосымшалар адам тұрмысын сөзсіз жеңілдетіп, түрлі проблемаларды оңай шешуге мүмкіндік беріп отыр. Жалпы, мобильді қосымшалар тек арнайы компьютер мамандарына немесе болмаса белгілі бір салада, жеке қалыптасқан тұлғаға ғана арналмаған.

Statista компаниясының болжамына сәйкес, 2020 жылы мобильді қосымшалар нарығының табысы 189 млрд долларға жетеді. Мобильді қосымшалардың қарқынды дамуы смартфондардың кеңінен қолданысқа енуімен қатар келді. Соңғы жылдары Қазақстанда мобильді қосымшаларды қолдану тренді қалыптасқаны байқалады.

Жоғарыда айтылғандай, мобильдік қосымша бүгінгі нарықта атарлықтай орын алып отыр. Осы орайда, менің жұмысымда әзірлеу мен енгізудің техникалық-экономикалық негіздемесі мыналарды қамтиды:

- бағдарламаны әзірлеудің еңбек сыйымдылығын анықтау;
- бағдарламаны әзірлеуге арналған шығындарды есептеу;
- әзірленген бағдарламаның ықтимал бағасын анықтау;
- қызмет етудің әлеуметтік-экономикалық нәтижелерін бағалау.

4.1 Мобильді қосымша әзірлеудің еңбек сыйымдылығы

